

Қарқаралы ауданында 2014 жылға арналған салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салық ставкаларының мөлшерлерін белгілеу туралы

Құшын жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы XXV сессиясының № 25/202 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 20 қаңтарда № 2515 болып тіркелді. Шешім қабылданған мерзімінің өтуіне байланысты өзінің қолданылуын тоқтатады (Қарқаралы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 3 наурыздағы № 51 хаты)

Ескерту. Шешім қабылданған мерзімінің өтуіне байланысты өзінің қолданылуын тоқтатады (Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 03.03.2016 № 51 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексіне сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарқаралы ауданында 2014 жылға арналған салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салық ставкаларының мөлшерлері, осы шешімге қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы:	Б. Ахманов
Аудандық мәслихат хатшысы:	С. Нүркенов
КЕЛІСІЛДІ:	
"Қарқаралы ауданы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы	
Е. Сатымбаев	

24 желтоқсан 2013 жыл

Қарқаралы аудандық мәслихатының
2013 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 25/202 шешіміне
қосымша

Қарқаралы ауданында 2014 жылға арналған салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салық ставкаларының мөлшерлері

№	Салық салу объектісінің атауы	Айына тіркелген салық ставкаларының мөлшерлері (айлық есептік көрсеткіштер)
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	5
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	7
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	4
4.	Ойын жолы	7
5.	Карт	5
6.	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК